


X-18 - 40

Қобылан қажы Хамзаұлы



Қобылан қажы Хамзаұлы

Джеміл - Шалған

**Қызылжар қаласы
2010 жыл**

УДК 297
ББК 86.38
Х 18

Х18 Хамзаұлы К. Дінім – Ислам. - Қызылжар к., - 48 б.

ISBN 978-601-7230-08-1

Қазақстан журналистер одағының мүшесі, өлкемізге белгілі жазушы, ақын Қобылан қажы Хамзаұлының жазып шығарған бірнеше кітаптары оқырман қауымның қолында бар.

Жазған шығармалары, кітаптары бүгінгі өмір тақырыптарына арналған, оқуға тартымды, дүние танымдылық мәні зор енбектер.

Қобылан қажының діни ұғымы мол екенін осыдан бес жыл бұрын шыққан «Қажылық сапары» атты кітабынан оқып білген едік.

Қолымыздығы жаңа кітабы «Дінім - ислам» - деген атаумен шыққан өлеңдер жинағы, Қобылан қажының діни көзқарастары, ой-толғаулары дінге сенімі берік екенін жарияладап тұр.

Кітапта рет-ретімен топталған әр түрлі тақырыптарға арналған өлеңдер өте құнды, терең мағнайты, зейін қойып оқитын аса қажетті шығармалар.

УДК 297
ББК 86.38

ISBN 978-601-7230-08-1



К. Хамзаұлы., 2010



I - БӨЛІМ

СЕҢІМ

АЛҒЫ СӨЗ

Кешегі өткен Кеңес үкіметі заманында тудық, сол тәрбиеде өстік. Орта білім мектебін 1950 жылы тәмамдап, жоғары дәрежедегі оку орнын – Қазақстан ұлттық университетін 1966 жылы бітіріп, заңгер мамандығын алыш, сол мамандығым бойынша отыз жыл Қазақстан ПМ- де аудандарда, облыстық орындарда қызмет еттім. Осы уақыттың ішінде жалпы дін жөнінде, Ислам діні туралы оку орындағында ешбір дұрыс сөз естімдік, қайта дін – апиын, уландырады, аздырады - деп, дінді құбыжық етіп сендеріп, бездірді гой. Ендеше сол заманда біздің санамызға діннің қағидалары қайдан құйылды, қалай дінге көніл қойдық, қалай басқа жаққа бұрылыш азып кетпедік, Ислам дініне сеніміміз қайдан пайда болды - деп, ақыл-санамыз әбден толықкан шағымызда ойға қаламыз.

Теренге көз жіберіп ойлансақ, бұл сезім ананың сүтімен, әкениң қанымен, Аллаh Тағаланың құдіретті құшімен қонған бойға сіңген, Аллаһтың өзі көнілді, сана-сезімді құлатқан ілім екенин түсінеміз. Анамыз ақ сүтін «бисмилла» - деп емізді, әкеміздің білімді, діншіл оқымысты болғанын білеміз. Мұндай сөздерді ерте кездегі Кеңес үкіметі заманында айта алмас едік. Қазіргі егеменді еліміздің діни бостандығының арқасында, емін-еркін ойымызды саралап айтып отырмыз гой. Ол заманда дінге сену жасырын, құпия атқарылды. Соның өзінде үркіп, үрейленіп жүріп, санамызға дін қағидаларын сақтай білдік.

Ауылымызда діни сауаты мол молдалар болды. Солардың ішінде нағашым, шешем Салиқаның немере інісі Мансұр деген кісі діни оқуы үлкен, құранды жатқа айтып отыратын, қари атағы бар кісі болды. Міне осы кісінің Құран аяттарын оқығанын тыңдалап, нақыштап айтатын араб сөздерінің әдемілігіне, үйдің ішін күніренте шығатын сазды дауысын, мақамын, таңырқап, үйшіп тыңдайтын едім. Бастауыш мектепке сабакқа барып, бірінші сыныпты тәмамдап, әріптерді

біліп, кітап оқуды үйренгеннен кейін, нағашым Мансұр қаридан қысқа-қысқа екі-үш дұғаларды кирилища әріптерімен жазып алып, жаттап жүрдім. Дінге ниет қойдым, үйренуім осылай басталды. Сондықтан нағашым Мансұр қариды діни ұстазым деп есептеймін. Өзінен үйренген дұғаларды марқұм болған өзіне бағыштал жүруді парызым деп санаймын.

Әкем Хамза діни сауаты мол, медреседе сабак берген кісі, өкінішке орай, ерте қайтыс болып кеткен. Сондықтан ол кісінің тағлымдарын ести алмай арманда қалдым ғой. Шешем Салиха дінге берілген, дін қағидаларын берік ұстанған, ораза, намаздарын өмір бойы атқарған кісі. Осындай ананың тәрбиесін көріп, ойға тоқып өскен баласы – біздің де дінге жақын болып ер жеткеніміз табиғи зандылық қой. Бертін, ақыл-ойы толық азамат болып есейіп, жұбайым Сақыпқа үйленгенде көргенім, бұл шаңырақ иелері де діндар адамдар екен. Ата-енелеріміз – бәрі намаздарын қаза қылмай, оразаларын үзбей атқарып жүретін, пірәдәр кіслер болды. Осындай ортада тәрбие алып есейген шағымда, ислам дінін біржола мойындал, діни парыздарды қалтқысыз, сеніммен атқаруды барлық тіршілік ғұмырымның рухани жолдасы, парызы болуын тандадым.

Ислам дінінің төрт парызын қалтқысыз орындал жүргеніме он жылдан асты. Бесінші парыз – Меккеге барып қажылық міндетін атқарудың сәті 2005 жылы түсіп, Аллаһтың қолдауымен, қамқорлығымен бұл парызым да атқарылды.

Ислам дінінің парыз, сұннэттарын қалтқысыз орындау, бүкіл өмірімнің сәні, мәні, қадір-қасиеті, болашақ өмірімнің бағдар шамы болып қала беретініне сенімдімін. Сол бағдар, бағытымды Аллаһ қолдасын,- деп тілеймін. Аллаһ діни ақиқаттың ақ жолынан тайдағындын, сеніміме қуат берсін!

Ислам дінінің қағидаларына, қасиетті ақ жол, дәстүрлөріне арналған осы өлең-жырларым оқушысын тауып, көңілдеріне дін ұстанымдарын ұялатсын, - деген тілекпен жаңа өлеңдер жинағымды жарияладап отырмын. Сапарына сәттілік тілеймін!

Автор

ПАЙГАМБАРЫМЫЗҒА ТАҒЗЫМ

Қазақын ұлттымды атап маңтанатын,
Егеменді еліммен шаттанатын.
Терең тарих, кеңпейіл, салты ерек,
Асты-ұсті бай, жерім мол сақталатын.

Дінім Ислам қанменен бойға сіңген,
Ата-бабам ежелден кәміл сенген.
Тұғанда алғаш жұтқан ауаменен,
Бисмиллә, Аллаh атымен ақ сүт емген.

Жасымнан Аллаh атын ұғушы едім,
Молданың тағлымына ұйушы едім.
Баталарда тыңдаған дұғаларды,
Ойға тоқып, санама құюшы едім.

Есейгенде естідік теріс үгіт,
Аллаh атын сақтадық іште бұгіп.
Шаригаттың тәлімін жария ете алмай,
Молдалар да үн шықпай, қалды бұғып.

Советтік заңның көрдік ақ-қарасын,
Бездірген дін жолынан мол қатасын.
Тәнірге тағзым етпей кеткен халық,
Әр кезде тартып жатты өз жазасын.

Жұмақты қолдан жасап береміз деп,
«Коммунизм»- дегенді көреміз деп,
Дәстур менен дінінен азды халық,
Үлкен ұлттың соңынан ереміз деп.

Заман ауып, туганда жаңа қоғам,
Тәуелсіз, егемендік заңы орнаған.
Еркіндік дін, дәстүрдің ауасынан,
Тоя жұттық тағылымға көңіл толған.

Қайран қалам Аллаһтың құдіретіне,
Жеткізген құран сөзін ұмбетіне.
Мұхаммед Расуллана – рухына,
Ден қойғам ғұмыр бойы тәу етуге.

Құдайдың өзі қалап уәкіл еткен,
Пайғамбардың тағлымы терең неткен.
Аллаһтың айтқан сөзін бұлжытпастан,
Аз өмірде әлемге жайып кеткен.

Өмірін пайғамбардың оймен шолсақ,
Өтіпті қырық жылы тар жол – тайғақ.
Аллаһтың аса сүйген құлы болған,
Пайғамбардың өмірі болмапты ұзак.

Жүктелген Ресулге ауыр сындар,
Адасқан ел бағытын жөнге салар.
Жан кешті қасіреттерге төзе біліп,
Жол тапқан Ислам дінін ұғындыра.

Аллаһқа құлшылықпен халық сенген,
Ресулдің ұмбеті бол сонына ерген.
Миллиондаған мұсылман халқы бүгін,
Пайғамбардың рухына сәлем берген.

Бес уақыт намазда – Аллаһу Акбар,
Жүректе Расуллана – ілімі бар.
Аллаһтың рахымына тілек етсек,
Пайғамбар қамқоршымыз сенім артар.

Өткендерге арнайтын дұғалардан,
Болған емес Пайғамбар қалыс қалған.
Мұхаммад Расуллана мәңгілікке,
Алдымызда шам-шырақ сөнбей жанған.

Сену керек исламның тәліміне,
Күтіп тұрган сынақ бар бәрімізге.
Таймайық Пайғамбардың ақ жолынан,
Келесі ұрпақ үлгі алыш ерсін бізге.

Мұсылмандық жолына түскен дұрыс,
Байқап сөйлеп, жай басып, кетпей бұрыс.
Үлкендерді көрумен өнеге алса,
Жастардың болашағы болар дұрыс.

Сенімім хақтың жолы дінім Ислам,
Сондықтан дін тағлымын бойға жиям
Мұхаммед пайғамбардан бізге жеткен,
Екі дүние ілімі үлгім – Құран.

Қасиетті Мәуліт айты құтты болсын!
Халықтың көкірегі нұрға толсын.
Расулдің өсиеті мәңгі өлмейтін,
Дін Ислам әлемге тәлім болсын!

1 мамыр
2005 жыл

ҰЛЫҚ КҮН

Бар ғаламды жаратушы Аллаһ екенін білеміз
Құран Қерім Аллаһ сөзін қабылдаймыз, сенеміз
Бір Аллаһтан басқа тәнір жоқ екені ақиқат
Аллаһ сөзін ойға түйіп, орындаимыз сүйеміз.

Аллаһ жалғыз, айтқан сөзі – Құран кәрім, оқитын.
Әрбір сөзін терең талдап, ұтып ойға тоқымын.
Ислам діні - ең асыл дін, әлем халқы ұнатқан.
Басқа діндей жалған сөз жоқ, естігенде шошитын.

Құдіретті Аллах Мұхаммедті елші етіп жаратқан.
Пайғамбарлық атақ беріп, рәсул етіп ұнатқан.
Рәсул Аллах жан-тәнімен жаратқаның құлы бол,
Аллах сөзін, ислам дінін, жер жүзіне таратқан.

Ислам діні, берік тұтқан, сеніміміз, туымыз
Бес парызын орындастын бір Аллаhtың құлымыз.
Бір Аллаhқа сүйенетін, бір Аллаhтан тілейтін,
Рәсул Аллаh Мұхаммедтің ұмметіміз, ұлымыз.

Ислам діні ең нұрлы дін, бойға қуат беретін,
Айтқан сөзі ақиқатты, әлем халқы сенетін.
Жанға қорған, ойға еріс, әрбір сөзі өнеге,
Мұхаммедтің ұмметіміз өситетіне еретін.

Аллаh сүйген, тандаулы ұлы, сенген құлы Мұхаммед.
Аллаh сөзін, аманатын ұлық еткен Мұхаммед.
Күн көзіндей жаны жарқын, ойы өрісті пайғамбар,
Әлем халқын дін жолына үйітқан да, Мұхаммед.

Бар өмірін дін жолына аямаған Мұхаммед.
Үмметтері қорған тұтып, саялаған Мұхаммед,
Парыздарын орындайтын құрметтейтін исламды,
Ел сенімін, құлшылығын бағалаған Мұхаммед.

Бар әлемге сүйген құлын пайғамбар ғып сыйлаған.
Рәсул Аллаh, уағыздарын үмметі ұйып тыңдаған.
Ислам дінін ұстанатын бүкіл әлем қадірлеп,
Пайғамбардың туған күнін «ұлық күн» деп ұйғарған.

Мұхаммедті, ислам діні жаршысы деп білеміз.
Рәсул Аллаh, бір өзіңе сүйенеміз, сенеміз.
Дініміздің, ғасырларға арта берсін қадірі,
Пайғамбардың туған күнін мереке етіп жүреміз.

Mәулют айы
2008 жыл



Н А М А З

Қасиетті бес парызы мұсылманның,
Жүктелген аманаты бізге Аллаһтың.
Рәсүлдің өситеті орындалса,
Әр пенде сыйын табар бұл жалғанның.

Ежелден ұлы құшке сенген қазак,
Ислам дінін мойында алған таңдал.
Мұсылмандық «Сенім хат» белгісіндей,
Бес уақыт намаздың күны қымбат.

Намаз сенім, исламның қазығындай,
Жанға қорек, бес мезгіл азығындай.
Сенімі жоқ адамның көкірегі бос,
Құлазыған шөл дала жазығындай.

Намаз сенім, иманға жолдың басы,
Аллаһқа құлшылықтың ірге тасы.
Бес уақыт намаздың сауабы мол,
Жаратқан қабыл етсе ықыласты.

Таң намазын атқарсақ азан айтып,
Бойың сергіп қалады, көңілің шалқыш.
Таңнан тұру ұлкендер өситеті:
«Ерте тұрған адамның бір ісі артық».

Үлкен парыз тұс ауа атқаратын,
10 бас намаз «бесін» деп атаптатын.
Соңырақ күн кешеймей орындалар,
«Екінді»- парыз уақыты сақталатын.

Күн бата шам жағумен бірге келген,
Бес сәждे намаз аты «ақшам» деген.
Ақшамнан біраз кейін атқаратын,
Тұнгі намаз «жашиың», «хуфтан» деген.

Бес намаз тұнып тұрған құран сөзі.
Исламды мойындаудың анық өзі.
Аллаһқа құлшылықтан жаңылмасақ,
Ашылар рахымының бұлақ көзі.

*6 қазан
2005 жыл*



ОРАЗА

Бес парыз құранменен бізге жеткен,
Мұсылманға аманат, бүйрық еткен.
Расулуллаh құранды тәржімәләп,
Үмметіне өсiet айтып кеткен.

Хақ мұсылман құранды мойындаиды,
Аллаh үкімін күмәнсіз қабылдайды.
Пайғамбардың аманат өсietін,
Бес парызын бұлжытпай орындаиды.

Ораза ұсташа міндегі мұсылманның,
Исламның жолын құған әр адамның.
Рамазан қасиетті ай мұсылманға,
Женілтер ауыр жүктен арын, жаңын.

Оразаның мәні зор ұғынатын,
Талаптары тағлымды бағынатын.
Ішіп-жеуден тыйылу қағидасы –
Ашығу, ас қадірін сағынатын.

Сезінсек аш адамның кешер күйін,
Қадірлеп Жаратқанның берген сыйын,
Оразаның мәнінен туындаиды,
«нашарларға қамқор бол»- деген түйін.

Ораза кешірім айы Аллаh Берген,
Тыйылсақ адамға тән нәpsілерден.
Қарсылық, теріс қылық, өрлік істен,
Тоқталу талаптары мол жүктелген.

Құранның парыздары біздер үшін,
Қашанда жоғалтпайды бүйрық күшін.
Мұсылман үмбетіне тәуелді еткен,
Өтеу керек Аллаhtың талапты ісін.

Қазан – ораза айы, 2005 жыл

МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

Дін ислам - өмірдің бағдар шамы.
Бақылық дүниенің атар таңы.
Тағлымы тәнге қуат, жанға қорек
Адами өміріңің мәні, сәні.

Діңгегі исламның – Құран кәрім,
18 мың ғаламға тегіс мәлім.
Үштен екі бөлігі мойындаған,
Дүние жүзі халқына Құран тәлім.

Аллаhtың өкіл ұлы Расул Аллаh,
Үйреткен Құран сөзін бізге талдаң.
Имандылық, ададық, адамдыққа,
Татулыққа, бірлікке, тұрған баулап.

Анық сенім рухани жолын ашқан,
Қазақтың діні ислам әуел бастан.
Бір кезде әлсіреген дін қуаты,
Егемендік елменен өрге басқан.

Нығайсын дініміздің қуат күші,
Көбейсін мұсылманның қуанышы.
Егемендік, елдіктің арқасында
Айт күнінің мерейлі бағы ұшты.

Құрметтейтін күндер бар аталатын
Қазақстан елі боп шаттанатын.
Құрбан айты мейрамы дәрежелі,
Қасиеті мәңгілікке сақталатын.

*1 қаңтар
2007 жыл (құрбан айты)*

САҚТАЙЫҚ ЖҮРЕКТЕРДЕ ЖАЛҒЫЗ ХАҚТЫ!


Сенуші едік имамға иманды деп,
Қолында құраны бар дін жанды деп
Уағыз тыңдал Аллаһтың ақ үйінде,
Имамның әр сөзіне иланыш ек.

Естуші ек ардан азған имамдарды,
Бойына құт болмаған жигандары.
Молданың ісін емес, сөзін үйрен,
Деген сөз ертеден бар мағаналы.

Имам тайса Аллаһтың ақ жолынан,
Еріте алмас халықты өз соңынан.
Аллаһ үйінде азғындық жолға түсіп,
Біліп тұрып, бұлдірсе өз сорынан.

Білейік ісі аққа Аллаһ жақты,
Сақтайық жүректерде жалғыз хақты.
Тілі майда, көнілі құбылмалы,
Дін жамылған азғыннан Аллаһ сақта!

26 қыркүйек
2002 жыл



ТЫҢДАЙЫҚ БОЙ БАЛҚЫТҚАН ҚҰРАН СӨЗІН

Дін ислам, ұққаным бала жастан,
Бисмилләсіз татпадым адал астан.
Көңілім құлап тұрады дін жолына,
Тәрбие солай болды әуел бастан.

Құрметтеймін Аллаhtың мешіт үйін,
Жиі барсам түзелед қөңіл күйім.
Дұға арнап Аллаhtан тілек етсем,
Шешілгендей сезінем іске түйін.

Тыңдаймын бой балқытқан Құран сөзін,
Елестетіп алдыма Рәсул - өзін.
Тәржімелеп құранды ұғындыrapar,
Білімді имам болсын терең сезім.

*Маусым
2003 жыл*



АЛЛАҢТЫҢ РАҚЫМЫНАН ҮМІТТЕМІЗ

Аллаһ атын ес біле жаттап өстік,
Есейгенде діні жок өмір кештік.
Ананың ақ сүтімен келген тәлім,
Ешқашан санамыздан кетпеді өшіп.

Советтік заңдылықты мойындағық,
Іштен тыныш, айтқанын орындағық
Сәтін тауыш, сөз ұғыш діндарлардан,
Ынтамен Аллаһ сөзін қабылдадық.

Егемендік елдікке қол жеткенде,
Сананы еркін оймен тұлеткенде,
Кезінде ойға жиған дін тағымы,
Гүлдеді сарғалдақтай тоң өткенде.

Еркіндік ауасынан дене балқыш,
Бұғаудан арылды ойлар көңіл шалқыш.
Дін кәусәрін шөліркеп қана жұтыш,
Тіршілік дариясына шықтық қалқыш.

Фәнидің жаннатында мешіт үйі,
Жан-тәніңе шашатын иман нұрын.
Құлшылықпен Аллаһқа арыз етсек
Арылар ауыр жүктен көңіл кірі.

Мұсылманға міндетті бес парыз бар,
Аллах алдында сол үшін біз қарыздар.
Маңызына бой ұрыш өтей білсек,
Жұмаққа жетелейді бес сапар жар.

Атқару бес парызды жеке міндет,
Ықылас, ынтыменен өтеу қажет.
Бес парыз атқарылса сенімменен,
Аллаһтың рақымына анық себеп.

Казан
2005 жыл



СӨЗ БЕН ІСТІҢ СӘТИНЕ

Бисмиллаһ айтар сөздің бастамасы,
Бисмиллаһ бітер істің ірге тасы.
Бисмиллаһ тәнге қорған, жанға қорек,
Бисмиллаһ иман іздер жолдың басы.

Бисмилләсіз ешбір іс бастамаймын,
Аллаһ атын аузынан тастанамаймын.

- Ес білгелі сенетін ұлы күштен,
Теріс жолға ешқашан аттамаймын.

Қорықсам, қуансам да Аллаһ деймін,
Қайғырсам қасіретке берілмеймін.
Торықсам ақыл сұрап адам таппай,
Рәсулдің тәлімінен жол іздеймін.

*Наурыз
2000 жыл*



АУЫЛҒА МОЛДА ҚАЖЕТ БІЛІМДІДЕН

Советтік заңың қердік ақ-қарасын,
Бездірген дін жолынан көп қатасын
Тәңірге тағзым етпей кеткен халық,
Әр кезде тартып жатыр өз жазасын.

Жұмақты қолдан жасап береміз, - деп,
«Коммунизм» - дегенді көреміз, - деп
Дәстүр менен дінінен азды қазақ,
Үлкен ұлттың соңынан ереміз деп.

Заман ауыш туғанда жаңа қоғам,
Тәуелсіз, егемендік заңы орнаған,
Еркіндік, дін, дәстүрдің ауасынан,
Тоя жұтыш, тағлығынан көңіл толған.

Мас болыш еркіндіктің ауасынан,
Бір сәтте бола қалдық хақ мұсылман.
Барлық ел жарыспенен мешіт салыш,
Бұрынғы белсенділер болды Имам.

Қызыбалық қанында бар қазақпыш ғой,
Төгіп тастар түбіне жеткізбей ой.
Сол мешіттер атына ұқсай ма еken,
Ашыларда жасалған даурықпа той.

Мешітте білімі мол имам болса,
Сәулетті, сәніменен тартып тұрса,
Молдаға ұйыр еді сеніп халық,
Құранды тәржімәлеп оқып тұрса.

Білімді имамы жоқ мешіт жетім.
Келермен жиі ашласа есік жетім.
Имамы жоқ ауылда тәлім айтыш,
Алтан қөзін ауызға салатын кім?

Ауылға молда қажет білімдіден.
Шала молда барышлық дін бүлдірген.
Аятын тыңдағанда қынжыласын,
Кол жаяды жай халық түсінбеген.

Еркіндік күн тұғанда діні келген.
Халыққа молда керек білімдіден.
Балқып жүрген жастарға басшы қажет,
Көңілі құлап тұрғанда дінге деген.

Тамыз
1999 жыл



СЕНІМ ЖАЛҒАН БОЛМАСЫН

Құдайдың құдіретіне шексіз сенем,
Өмірім, өнерім бар Аллаһ берген.
Дін тағлымын түсініп қабылдаймын,
Еркіндікпен ілесе бірге келген.

Тыңдайық бой балқыттар Құран сөзін,
Елестетіп алдыңа Рәсул - өзін.
Тәржімәләп Құранды ұғындыраар,
Білімді имам болсын терең сезім.

Білімді имам исламның үгітшісі,
Рәсулдің сөзін жаяр көмекшісі.
Халық сеніп ұйыттын періштедей,
Тап-таза болу керек молда кісі.

Имам болып дін бастау сынды жұмыс,
Жай сенімнен мың есе салмақты іс.
Өсиеті іске сай болу керек,
Аллаһтың ақ жолынан кетпей бұрыс.

Біліп тұрып бұлдірген діндарлардан,
Дүниеге елігіп безген ардан.
Жүрген жақсы бойыңды аулақ ұстап,
Болмас үшін жүректе сенім жалған.

Ата-бабам таңдаған дінім ислам,
Жасымнан дін тағлымын бойға жигам.
Мұхаммед пайғамбардан бізге жеткен,
Екі дүние тәлімі, ұлгім – Құран.

*Рамазан айы
2003 жыл*

ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Өмірге құштармын,
Әлі де алынбаған жемістері үшін.
Өмірге құштармын,
Алдағы нысана жеңістері үшін.

Өмірге құштармын,
• | Аллаһтың аманатын ақтау үшін.
Өмірге құштармын,
Адам деген атымды сақтау үшін.



ЖАРАТҚАН ҒҰМЫР СЫЙЛА

Жаратқан ғұмыр сыйла әкем үшін,
Жалғайын ұлгермен арман ісін.
Үрпағының өскенін көре алмаған,
Атқармаған парызын өтеу үшін.

Өмір тегін келмейді еңбек керек,
Қасірет, қындықты жеңбек керек.
Талпынсаң табылады ырыздығың,
Аллахтың құдіретіне сенбек керек.

Қайрат болсын ұстайтын айыр-құрек,
Туласын еңбекпенен асау жүрек.
Ақыл-ой сарқылмасын, бойда қуат,
Үрпаққа өшпес мұра жасау керек.

Қолыңдан түсіп жатса шайлы кесе,
Қадамың кібіртіктеп жайы кетсе.
Шықпай жатса аузыңдан сәнді ұйқас,
Тірлігіңдің кейінгі құні неше.

*Шілде
2004 жыл*

ҚАЖЫЛЫҚ ХАҚЫНДА

Қажылық бір парызы мұсылмандың,
Ақ ниетке мейірімі болса Аллаhtың.
Қажы атағын кірлетпей ұстай білу,
Өнеріне тәуелді әр адамның.

Қажылардың барлығы қари емес,
Құраннан үйрететін ақыл-көңес.
Өз жолын тұра ұстаса жетіп жатыр,
Әсіре білгірсімей көппен теңдес.

Қажы атына семіру астамшылық.
Мансаппен көкірек керу ескі шылық.
Мен-мендікті көрсету күнә емес пе,
Ел сыйласа келмей ме адамшылық.

15 қаңтар
2001 жыл



ТӘУБӘШІЛІК

Аяқ басып, жүгіріп,
«Апа»-ға тіл келгенде,
«Құлап қалма ботам» - деп,
«Аллаһ»- деп қолын бергенде,
«Бисмилла» - деп жайылып,
Алдыңа тағам келгенде,
«Бисмиллә», «Аллаһ» ұлы сөз,
Дәрудей сіңген денеге.
Қанмен бойға тараған
Ана сүтін емгенде.

Есейгенде ес болған,
Жаратқан күш-құдірет.
Аллаhtы алмай ауызға
Айтылмайды еш тілек
Куаныш келсе басыңа,
«Аллаһқа тәубе», қабыл ет.
Қынышылық кездессе,
Аллаһқа сүйен, женіледі.
Ұмытпау керек Аллаhtы,
Кер кеткеннен не келеді.

*Наурыз
2000 жыл*

БАТА – ТІЛЕК

Бата беру жауапты іс, атқарар.
Бата сөзі «Бисмиллә»- дан басталар.
Бата тілек бір Аллаһқа арналад,
Ақ пейілден, ақ тілек боп ақтарар.

Бата - өтініш бір Аллаһтан сұрайтын.
Ой түбінен, ықыласпен құрайтын.
Бата беру білімдінің еншісі,
Әрбір сөзі жамагатқа ұнайтын.

Бата берсең, «Ия Аллаһ» - деп қолың жай.
Ақ тілекті қабыл етсін бір Құдай.
Әрбір сөзін тусын жүрек нұрынан,
Жаттанды үйқас, жеңіл сырдыр сөз болмай.

Ойлы тілек жүректерге жетеді.
«Әмин» - деумен ел де қолдаң кетеді.
«Бисмилла»- деп жайған қолдар бос қалмай,
Көп тілегін Аллах қабыл етеді.

*Наурыз
2009 жыл*



БАТА – ТІЛЕК

Әуелі құдай ондасын!
Оң жолына бастасын!
Пайғамбарлар қолдасын!
Қызыр болсын жолдасың!

Аллаһ ұзақ жас берсін,
Шаңырақ жалғар бас берсін!
Бойларыңдан саулық кетпесін,
Мезгілсіз кәрілік жетпесін!

Ақ мешіт үйлеріңнен ырыс таймасын,
Іші қуанышқа толып, күндей жайнасын!

Жиган дүние-мұліктегеріңің рахатын көруге жазсын,
Балалар мен немерелердің бақытын көруге жазсын!

Ағайын-туғандардың қатары ортаймасын,
Көңілдерің ешқашан қартаймасын!
Еңбектерің жемісті болсын,
Ұзақ өмір келісті болсын!

Төңіректеріне жамандық жетпесін,
Теріс пигылды адамның арам ойы,
Өз басынан кетпесін!

Босағаларың берік болсын,
Рәсулға сеніміміз серік болсын!

Өмірлерің мерекелі, сәнді болсын,
Жүрген жерлерің тойлы, әнді болсын!

Қайда жүрсендер жолдарың ақ болсын,
Осы тілектеріме бір Аллаһ жақ болсын!

22 наурыз
2004 жыл

II - БӨЛІМ

ҚОШ АЯУЛЫ
АЗАМАТ!

АТЫҢ МӘҢГІ ӨЛМЕСІН

(Сүйіндік Бегалин ініміздің қазасына)

Лағыл өмір, ағын өмір өтпелі.
Бұл фәніге кімдер келіп кетпеді.
Патша, батыр, әулиелер тірлігі,
Жаратқанның жазуымен шектелді.

Өлім кезек, хақтың заңы белгілі,
Десек-тағы, қасіретті жан азабы жегілі.
Жаңа лаулап, жарқыраған арыстар,
Ерте сөніп жер қойнына көмүлі.

Жер астына қияр жан ба еді Сүйіндік,
Естігенде жан күйзеліп, күйіндік.
Елі емес, ұлы еді өңірдің,
Тілегіміз ақталмады, қыылдық.

Азамат ең, мыңдан біреу туатын.
Жүргегіне жарты ғалам сиятын.
Ағалаған ілтиппатты жүзінде,
Жыллы леп пен иман нұры тұратын.

Басшы болса, сендей болсын сан қырлы.
Үлкенге де, кішіге де жан сырлы.
Еңбек жанып кандидаттық ғалым боп,
Докторлықты қорғауға да ой құрды.

Шебер еді сыйластыққа елменен.
Мәжіліске сайлағанда ел сенген.
Адал қызмет атқарумен халыққа,
Ақтай білді аманатын берілген.

Үлгісі едің, адалдықтың, беделдің.
Қылышыңмен сый-құрметке бөлендің.
Жаназанда биік бағаң байқалды,
Жер қайысып, қоштасқанда бар елің.

Қош, қымбатты туганымдай, сыйлы інім!
Өмірімде ұмытылмас сыйлығың.
Жаратқаннан иман тілеп жүрермін,
Жаннат болсын бақылышта енді үйің

Аман болсын, ұрпағың мен аумағың.
Туыс, жолдас, құдаларың, жан-жарың.
Бұлар барда атың сенің өлмейді,
Бізге керек, мәңгі есте қалғаның.

20 шілде
2007 жыл



ҚАРАЛЫ ҚАЗАҒА

(Күлетаев Қайыржан інімізбен бақылышқа қоштасу)

Ауыр қаза, қорғасын жүк, елдің белін майырған,
Қаралы үй, қалың елің азаматтан айрылған.
Жай тұскендей күйді кешіп, басын иіп түнеріп,
Тіл байланып, ой адасып, айттар сөзден жаңылған.

Азамат ең, алға ұстап, туысқандай көретін.
Кездескенде жарқын жүзден иман нұрын төгетін.
Барлық ұлттың тілін тауып, сыйлай білдің, сыйлаттың,
Ақ пейілді достар таптың иманыңдай сенетін.

Қасірет басып, алтын ордаң қорғанынан айырылды.
Іні, ага, туыстарың қанаттары қайрылды.
Сені білген барлық ұлттың өкілдері өңірдің,
Тұғанынан, панасынан айырылғандай қайғырды.

Амал қанша жаратқанның жазуына көнеміз.
Иман тілеп бақи дүние құшағына береміз.
Игі ісімен алғыс алған елі сүйген азамат,
Бір Аллахтың қамқорында болады деп сенеміз.

Қош аяулы ұл, бақылышқа, келмес жолға аттанған.
Иман берсін, сауапты ісің, жүрген жерде бата алған.
Атқарған іс, еңбек жолың, тарихында өлкениң,
Бәріміздің санамызда бейнең қалар сақталған.

20 қазан
2005 жыл

ЖАННАТ БОЛСЫН МЕКЕНИЦ (Қадірлі ініміз Қайыркеш Исманұлының казасына арнау)

Қайыркеш құлай сүйген інім едің.
Ағалап сыйластыққа жүруші едің.
Жақсының жасы ұзақ болса екен – деп,
Өмір тілеп батамды беруші едім.

Ақыл ойлы, сабырлы жүзі жарқын.
Досы көп, сыйластықтың білген парқын.
Жиын-тойдың сәні еді жарқылдаған,
Ұйытқан әніменен сүйген халқын.

Тез айрылыш қалдық-ау абзал жаннан.
Кекірегінде кетті-ау талай арман.
Қазасына қайысты қабыргамыз,
Тілеп ек сау болуын бір Аллаhtан.

Енді қолдан келері иман тілеу.
Жаннат болсын мекениң Аллаh сүйеу.
Жүргімде сақталад асыл бейнең.
Дұғам болсын бақида саған демеу.

Аллаh берсін ғұмырды ұлдарыңа.
Немерелер өзіндей болсын тұлға.
Жан жолдасың – Қымбатың ұзақ жасал,
Бөлениң сен жетпеген бақыт-нұрга.

*9 қазан
2009 жыл*

ҰРПАҚ БАРДА, ҰМЫТЫЛМАС ДҮҒАСЫ (Қадірлі ініміз Болатхан Сәрсенбиноvtің руhyна)

Өмір керуен еш тынымысыз, бір-біріне ұласқан.
Соңғы ұрпақ ілескендे, алдыңғылар бел асқан.
Тіршіліктің қазанында қайнап жатқан өмірде,
Жаратқанның құдіреті бәрімізге жарасқан.

Туу бар да, өлім бары, өмір заңы десек те,
Ғұмыр кешпей ерте кету, тіршілікке есеп пе?
Қолдан келер амалың жок, табиғаттың заңына.
Олшеулі өмір әр адамға Аллаh жазған есепте.

Кеше ғана бақылықта аттанғанда Болатхан,
Қош айтысып, күніренгендей болып еді жер жаһан.
Содан бері 20 жыл қылыш-ғұмыр өтіпті,
Жан жолдасы Жұмабике ақылменен таратқан.

Сенің арқаң Жұмабике шаңырақтың бүтіні.
Сыйлы үйдің оты маздан, тура ұшқаны түтіні.
Шүкіршілік Болатханың ұрпақтары ер жетті,
Аллаh жазса болады енді еңбегіңің өтемі.

Ұрпақ барда ұмытылmas, еске алу дүғасы.
Атқарылар әлі талай жылнамасы, жұмасы.
Болатханың жарқын жүзі санамызда сақталад.
Дүғасынан тастамайды Қобылан қажы, ағасы.

28 көкек
2007 жыл

ӨМІРДЕН ӨТКЕНДЕРДІ ҰМЫТПАЙЫҚ

Әлмисақтан өмір көшкен керуен,
Әр адамға өлшем тағдыр берілген.
Көш керуен жас үрпақпен жалғасып,
Дәмі біткен кештен қалыш сейілген.

Өмір заны өз ырқына көндірген,
Талайлардың шамын ерте сөндірген
Ұлағатты ұлдар кетсе арадан,
Қасіреттің таты кетпес көңілден.

Зандылық бар, түсінбейтін біз тегі,
Қадірлі адам ерте өмірден өтеді.
Бақылышта керек пе еken жақсылар,
Неге оларды таңдал алып кетеді.

Жылдар жылжып алыстаса арамыз.
Арыстарды жиі еске аламыз.
Қалған ізі, айтқан сөзі өнеге,
Жақсылардан өмірге үлгі табамыз.

*Наурыз
2006 жыл*

БАТАҒА ИЕ КЕРЕК ЖӨН БІЛЕТІН

Өлімнің хақ екенін әркім білед,
Біреуге ерте біреуге кейін келед.
Бұл фаниде бай-манап болсан-дағы,
Бақылық бәрін бірдей тенестіред.

Байлық-мансап ажалға қорған емес,
Өткен өмір артында қалар елес.
Бақылықта керегі иман ғана,
Өлгеннен соң киерің қамқа емес.

Өлікті аттандыру үрпаққа сын,
Атқарған жөн дәстүрлі жоралғысын.
Өлікке қажеті тек иман болса,
Дүгалардан мін іздеу бары да шын.

Атақты адам өткен жөн өз сәнімен,
Мұндайда ақылшы көп мәнсіреген.
Өлсе де дәрежесін түсірмейтін,
Батаға ие керек жөнін білген.

*Рамазан
2008 жыл*


ОРЫНСЫЗ ӨКІНІШ

Пендеріміз ғой, жақсыны көре алмайтын.
Тірлікте әділ баға бере алмайтын.
Өткен соң орнын сипап өкінетін
Орынсыз өкініш бар көз алдайтын.

Мұндай ой, айтылатын ескі кеңес.
Өліге де мақтау сөз артық емес.
Не жетсін тірліктерің сыйластыққа,
Патшалар да мақтауға жаңы әуес.

Наурыз
2006 жыл





III - БӨЛІМ

БІЛІМДІДЕН БІЗДЕРГЕ...

МІНӘЖАТ

(Ақан Серінің қатты ауырып жатқандағы
Аллаһтан тілегі)

Құдая мұсылманның дінінде қыл.
Құранның құдіретті жолында қыл.
Шарабын өлім-тағдыр ішер шақта,
Сапарымды жұманың күнінде қыл.
Тәнімнен ғазиз жанды айырганда,
Кәлима-шағадатты тілімде қыл.
Оянып қабірде бас көтергенде,
Атауы «Раббым Аллаһ» - сезімде қыл.
Сауалын періштелер сұрағанда,
Жауабын ауырлатпай жеңілден қыл.
Қолында періштенің нұрдан кесе,
Сусыным хаус-кәусар көлінде қыл
Ақ туын пайғамбардың көтергенде,
Маңынан жырақ қылмай, тұбінде қыл.
Сол жерде кездесетін ізгілерден,
Шеттетпей қатарының бірінде қыл.
Нұрдан болған хор қыздары шаһарында,
Бақи мекен жұмақтың ішінде қыл.
Тілеймін рахымыңнан қолым жайып,
Сұрану өзінізден болмас айып.
Рахыммен хазинаңнан шашсаң бізге,
Молығып ғарыптарың кетер байып.
Гәзәзілдің кезіксең қаһарына,
Кетпей ме теріс жаққа аяқ тайып.
Назарыңа қабыл боп айтқан сөзім,
Кеше гөр қателікті тақпай айып.

Жолынан мүміндіктің адастырмай,
Мол тауғиқ, иман сыйла етпей пақыр.
Есімін «Раббым Аллаһ» көнілде қыл.
Қараңғы тар лақатта болғанда ақыр.
Сөздері ғалымдардың хатта деген.
Сөзі бар молдалардың жатқа білген
Құранда көрсетілген хабарың бар,
Бетінен сұраушының қақпа деген.
Күдая қыл көпірден аман сакта,
Тайдырмай аяғымды бөтен жаққа.
Сүйікті пайғамбарға қолым жеткіз,
Жығылып таянуға түрған шақта.
Өлімнен құтылмайсың ақындықпен.
Қанша қайрат болса да батырлықпен.
Барамыз ұзақ сапар алыс жолға.
Қадірлі елім, жұртым бакұлдық бер.

*Мансұр қары Жетпісұлының
арабша қолжазбасынан
көшіріп жазып алушы
Қобылан қажы Хамзаұлы,
тамыз 2005 жыл*



ҚАЛАЙША ТАБАМ ДЕЙСІҢ ИМАНЫНДЫ (Орынбай ақынның сөзі)

Тәүбе неге қылмаймыз, біз бір есер.
Есер пенде сайтанмен әзілдесер.
Тау-тастан күнәсі көп болса дағы.
Тәубә қылсақ құдайым бәрін кешер.

Істықтан көшे алмаған керуенбіз.
Бұл жалғаннан көшу жоқ серуенсіз.
Бұқар менен Тәшкенттен мата тартып,
Дүниеге келіп кетер керуенбіз.

Жақсы жандар құдайға жылай білер
Қаза менен пәлеге шыдай білер.
Біз бір келген дүниеге керуен болсақ,
Бұлды болып кетуін құдай білер.

Шұбәсіз бір құдайға құл болмағын.
Алдында таразының шын тұрмағын.
Аллаһ пенен Рәсүлдің шапағатын,
Ізгілікке айналар еске алғанын.

Аралап халайықты көп жүресің.
Аянбай жұрт хақысын жеп жүресің.
Шәшиң менен мұртыңды алдырғанға
Өзіңше мен мұсылман деп жүресің.

Шәшіп-төгіп кетерсің жиганынды.
Жақсы болар нәпсінді тыйғанынды.
Сөзің жалған, жиганың арам болса,
Қалайша табам дейсің иманынды.

Теңізден аққу кетіп, қазы қалды.
Шалқар сулар сарқылып сазы қалды.
Аллахтың ақиқатын үйрететін,
Жақсының көбі кетіп, азы қалды.

*Мансұр қары Жетпісұлының
жазып қалдырыған мұрасы*

АЛЛАҢ ІСІНЕ, НЕ ШАРА

*Ерден батыр Бәйменде атты баласы өліт, ауыр қазага
қамығын, жатып қалған екен.*

*Қанжығалы Асаубай Ерден батырдың қайғысын бөлісу-
ге, көңілін білдіруге келгенде айтқаны.*

Ассалаумағаләйкум, Ерден!
Қарсылық қылмай Аллаһқа,
Уа, басынды көтер жерден
Балаңды алған бір Құдай,
Ақы-пұлсыз берген.
Көтерем деп басынды,
Келіп тұрмын елден.
Көрмегелі көп болды,
Көріселік, кел бермен.
Келіп тұрған қасымда,
Құдағи мен құда бар,
Тағдырына Аллаһтың,
Сабырлық қылыш шыдандар.
Азаға арнап әкелген
Бір биеден туғандай,
Тоғыз шұбар құнан бар.
Шыгарған хатым Құран бар,
Тағы да Сізге әкелген,
Көрген жан таң қалардай,
Алты құла атым бар.
Бәйменде өлсе артында,
Қаймендедей ұлың бар.
Тоқтатпаса беруін.
Аллаһтан үміт және бар.
Екі айғырдың терісінен,
Біріктіріп істеген,

Нарға артып әкелген,
Түйе мойын саба бар.
Тағы да Сізге әкелген,
Жанат ішік кім бар.
Басы құндыз болғанда,
Тоғыз түрлі бұйым бар.
Халқынды тегіс жиындар,
Қымызды дұға қылындар.
Елің көрсін көзімен,
Әкелген сондай сыйым бар.
Сағасынан сынды ма?
Алмас қыльыш болатың
Топшысынан оқ тиіп,
Қайрылды ма қанатың.
Керім келсе кенеттен,
Жуан созылып болғанша,
Жіңішке үзіліп қалатын.
Қанатымен құс ұшатын,
Құйрығымен қонатын.
Баланың қатты қайғысы,
Өзекті өртеп жанатын,
Дүниеге келген адамнан,
Жақсы, жаман, кәрі, жас,
Уақытынан асырмай,
Темір үйде жатса да,
Аманатын Аллаh алатын.
Өзің Ерден Батырсың
Қайғыға көніп жатырсың,
Құдайға батыр болмайсың
Неге тұрмай жатырсың.

*Мансұр қары мұрасынан жазып алушы
Кобылан қажы Хамзаұлы.
2005 жыл.*

МАЗМҰНЫ


1. Алғы сөз.....	6
2. Пайғамбарымызға тағым.....	8
3. Ұлық күн	11
4. Намаз	13
5. Ораза	15
6. Мәртебелі мереке	16
7. Сақтайық жүректерде жалғыз хақты.....	17
8. Тыңдайық бой балқытқан құран сөзін.....	18
9. Аллаһтың рахымынан ұміттіміз.....	19
10. Сөз бен істің сәтіне.....	21
11. Ауылға молда қажет білімдіден.....	22
12. Сенім жалған болмасын.....	24
13. Өмірге құштарлық.....	25
14. Жаратқан ғұмыр сыйла.....	26
15. Қажылық хақында.....	27
16. Тәубәшілік.....	28
17. Бата-тілек.....	29
18. Бата-тілек.....	30
19. Атың мәнгі өлмесін.....	32
20. Қаралы қазага.....	34
21. Жаннат болсын мекенің.....	35
22. Үрпақ барда ұмытылmas дұғасы.....	36
23. Өмірден өткендерді ұмытпайық.....	37
24. Батаға ие керек жөн білетін.....	38
25. Орынсыз өкініш.....	39
26. Мінәжат.....	42
27. Қалайша табам дейсің иманыңды.....	44
28. Аллан ісіне не шара.....	45

200г - дар.

Қобылан қажы Хамзаұлы. Дінім – Ислам. 2010.

Корректор Дәмет Мырзагалиқызы
Дизайнер Сәуле Еслемқызы

2010 жылды баспаға тапсырылған
Офсеттік басылым. 60x84/16 Әріп түрі Times New Roman
Таралымы 300. Тапсырыс № 383
“Полиграфия” АҚ басылды. Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11



لِسْكَ اللَّهُمَّ لِسْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لِسْكَ أَنَّ الْجَوَادَ وَالْمُعْلِمَ لَكَ وَلَا إِلَهَ كُوْنَتْ لَكَ لَا شَرِيكَ لَكَ